

Инвестициялау мақсаты

Зейнетақы активтерінің сақталуын және ықтималдығы жоғары деңгейдегі зейнетақы активтері құнының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекел деңгейі кезінде ұзақ мерзімді келешекте нақты табыс алуды қамтамасыз ету

Портфель параметрлері

Негізгі валюта: **Қазақстан теңгесі**

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфель құны – **15 401 083 650 мың теңге**

ИПБ зейнетақы активтері бойынша инвестициялық қызметі 01.04.2021ж. бастап қарастырылды.


Halyk Finance зейнетақы активтері бойынша ИПБ инвестициялық қызметін 15.12.2022ж. бастады

Сенімгерлік басқаруыға берілген зейнетақы активтері:

	ЗА Активтері, млрд теңге, 01.04.23ж.	Инвестициялық табыс, млрд теңге 01.01.2023 ж. бастап	ЗА кірістілігі, % 01.01.2023 ж. бастап
BCC Invest	1,56	0,0352	2,12%
Halyk Global Markets	2,69	0,0833	2,93%
Jusan Invest	4,29	0,1478	3,35%
Сентрас Секьюритиз	1,03	0,0209	1,88%
Halyk Finance	0,16	0,0005	1,83%
ҚР Ұлттық Банкі	15 391,36	345,67	2,26%

«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне шолу

Зейнетақы активтері порфелінің құрылымы, %




Инвестициялық қызмет нәтижесі


Инвестициялық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюта бағамының және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 01.01.2023 жылдан бастап 31.03.2023 жылға дейінгі кезеңге есептелген инвестициялық кіріс мөлшері **345,96 млрд теңгені** құрады, оның ішінде:

Атауы	2023 жыл басынан инвестициялық кіріс/шығын млрд теңге
Бағалы қағаздар бойынша (оның ішінде орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары) сыйақы түріндегі және нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер	435,93
Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер (шығындар)	-64,91
Сыртқы басқарудан түскен кірістер (шығындар)	-26,35
Басқа кірістер (шығындар)	1,29
Жиынтығы:	345,96

Сенімгерлік басқарудағы компаниялар бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %




Сенімгерлік басқарудағы компаниялардың бағалы қағаздарды есепке алу санаты бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



БЖЗҚ инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің 38,20% - ын амортизацияланған құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздар құрайды. Әділ құны бойынша бағаланатын есепке алу санатындағы бағалы қағаздардың үлес салмағы зейнетақы активтерінің 55,65% - ын құрады. Ақша қаражаты, РЕПО бойынша операциялар, Депозиттер және өзгелері қалған бөлікті - 6,15% құрайды.


Сенімгерлік басқарудағы компаниялар бойынша валюталар бөлігіндегі зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



БЖЗҚ инвестициялық декларациясында белгіленген ҚР Ұлттық Банкі сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерінің валюталық портфелін мақсатты бөлуге сәйкес индекстік инвестициялау үшін мынадай шетелдік басқарушы компаниялар тартылды:

- Aviva Investors Global Services Limited дамушы елдер облигацияларының мандаты бойынша;
- HSBC Global Asset Management (UK) Limited, Blackrock Financial Management, BlackRock Investment Management (UK) Limited, Robeco Institutional Asset Management B.V. және UBS Asset Management (UK) Ltd жабандық акциялар мандаты бойынша;
- PGIM Limited и Principal Global Investors (Europe) Limited инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар мандаты бойынша.


Сенімгерлік басқарудағы компаниялардың кредиттік сапа бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



Халықаралық шәкіл бойынша «AAA»-дан «BBB-» дейінгі бағалы қағаздар/эмитент рейтингісі бар барынша төмен тәуекел деңгейдегі қаржы құралдары инвестициялық портфельдің¹ 93,45%-ын құрайды. Халықаралық шәкіл бойынша «BB+»-дан «B-» дейінгі және ұлттық шәкіл бойынша «kzBB+» рейтингісі бар қаржы құралдары 3,67%-ды құрайды. Рейтингтік бағасы жоқ қаржы құралдардың үлесі - 2,88%.

¹ Сыртқы басқарудағы активтер, шоттардағы қалдық, жолдағы ақша және пай қорларын қоспағанда.

Сенімгерлік басқарудағы компаниялар бойынша экономика секторы бөлігіндегі зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



* –сыртқы басқарудағы активтер, дебиторлық берешек және ақша нарығының құралдары есепке алынбады.

Сенімгерлік басқарудағы компаниялар бойынша елдер бөлігіндегі зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %

